



Өз елім менің

Қазақстан Республикасының
Президенті – Елбасы
Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан
халқына Жолдауы

«Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің 2050 жылға дейін әлемдегі ең жоғары дамыған 30 мемлекет қатарына ену бағыты айқындалған ұлттық саяси даму стратегиясын белгілеп берді. Тәуелсіздікке қол жеткізген 21 жыл ішінде Президентіміздің көшбасшылығымен ауқымды экономикалық, саяси және әлеуметтік реформалар жүзеге асырылды. Көп ұлтты Қазақстан ынтымағы жарасқан елге айналды. Қазақстанымыз ықпалды халықаралық ұйымдарға төрағалық етті. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Жолдауда Елбасымыз құқық қорғау саласына да аса маңыз беріп өткен. Ұлт Көшбасшысы белгілеп берген «Қазақстан-2050» жаңа саяси стратегиялық даму бағыты қазақстандықтарды жаңа белестерді бағындыруға жетелейтін және ортақ мақсатқа топтастыратын тарихи құжат болып табылады.

Алаштың ардақтылары



Барша Алаштың аяулысы һәм ардақтысы, ұлттың рухани көшбасшысы, ұстазы әрі ұлт баспасөзінің алғашқы қарлығашы «Қазақ» газетінің шығарушысы, Алашорда

үкіметінің негізі қалаған ғазиз тұлға Ахмет Байтұрсынұлының бүгін, яғни 15 қаңтар туған күні.



10 қаңтар - Илияс Есенберлиннің туған күні

Қазақ халқының белді қаламгері 1915 жылы Ақмола облысындағы

Атбасар қаласында туған. Илияс Есенберлин 1967 жылы "Айқас", 1968 жылы "Ғашықтар", 1971 жылы "Алтын құс", 1974 жылы "Көлеңкемен қорғай жүр", 1978 жылы "Маңғыстау майданы", 1978 жылы "Аманат", т.б. романдарымен оқырман назарын өзіне аударды. І. Есенберлин тарихтың қос қыртыс қатпарларына қазақ қаламгерлерінің ішінде тұңғыш рет қаламгер көзімен саяхат жасап, оқырман назарын көне тарихтың әлі ашыла қоймаған тың беттеріне аударады. Қазақ романдары ішіндегі ең көрнекті шығармалардың көшінде жүрген "Көшпенділер" романы соның айғағы болса керек..

Әнші Роза Бағланованың туған күні



Ән мен сұлулық бәйгесінің тәжін қатар киген Алаштың ай маңдайлы аруы, Ұлыбританияда әр жыл сайын өтетін "Әлемнің әйгілі әйелдері" атағын жеңіп алған мега-жұлдыз, қазақ халқының сүйікті әншісі Роза Бағланованың туған күні.

Имандылық тұтқасы



**“Қызалдақ”
қыз балалардың
сырласу бұрышы**

Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат,
қызық мол жылдар» романынан үзінді

“Апамның айтқандары”

1. Жазғы салқыннан жаныңды аяма.
2. Ешқашан да ешкімді жамандама. Ең жаман деген адамның да өз жақсылығы болады.
3. Қыз көйлегінің етегі тізеден жоғары шықпауы керек, себебі қыздың жалаңаш жеріне көп көзінің құрты түскіш келеді. Ал халықта: «Есті қыз етегін қымтап ұстайды» деген мақал бар.
4. Әйелдің жалаңаш денесі еркектің құмарлығын қоздырады. Ақылмен бөгеп, сабырмен тұсалмаған құмарлық таудан төңкерілген сең сияқты: жолындағының бәрін ұйпа-тұйпа етіп, жайпап, жойып кетеді. Сондықтан әйелдің еркек құмарлығын қоздыратын ашық-шашық жерді көбейтпей, жауып, жария етілмейтінін қымтап ұстауы абзал. Әсіресе етекті қара санға дейін көтермеу, кеудені жалаңаштамау жөн. Сонда еркек елеңдемейді, әйел алаңдамайды, адалдық бұзылмайды.
5. Ешкіммен барқылдап ұрыспа, бағанды жоясың.
6. Қарқылдап күлу, тарқылдап сөйлеу – дарақылдық белгісі.
7. Кемшіліксіз кісі болмайды, оны көруден оңай жоқ. Кісі кемшілігін тез көруге емес, тез түзетуге көмектес.
8. Қызға қатты күлудің қажеті жоқ, жігіттерге оның жымығаны да жетіп жатыр.
(Жалғасын газеттің келесі санында)



**“Толағай”
ер балалардың
кеңесу бұрышы**



Жігіт сыны: бір жігіт бар - құр жан, бір жігіт бар - тірі жан, бір жігіт бар - жігіт жан. Құр жан дейтін жігіт - кеудесінде жаны бар, еш нәрсені бітірмейді. Тірі жан дейтін - бар тапқанын киім мен асқа салар, қызыл белбеу, шоңқима етік, үкі тағып, әркімді бір сықақ қылар. Жігіт жан дейтін жігіт - сегіз қырлы, бір сырлы болар.

Шал Құлекеұлы



**Фибратты
аңгімелерді оқы,
көңілге тоқы!
Екі дос**

Екі дос шөл далада жолаушылап келе жатады. Бір кезде сөзден сөз шығып, екеуі тартысып қалады. Біреуі ашуға қатты булығып, екіншісін қойып қалады. Досының ұрғаны жанына қатты батады, бірақ ләм-мим демей-ақ құмға былай деп жазып қояды: «Бүгін мені жан досым ұрды!» Екеуі көкөрай шалғын жерге келгенше тоқтамай жүріп отырады. Суды сол жерден ішерміз деп келісіп алады. Бір кезде досынан таяқ жеген батпаққа аяғы кіріп шыға алмай қиналады. Тіпті түншығуға айналып, демі тарыла бастағанда, досы құтқарып қалады. Батпақтан құтылғаннан кейін, тастың үстіне ойып тұрып: «Бүгін мені жан досым, өлім аузынан құтқарып қалды», – деп жазады. Оны бұл жазуына таңырқаған жолдасы: – ұрған кезімде құмға жаздың, ал енді не үшін тасқа жазып жатырсың? – деп сұрайды.

Сонда досы:

– Біреу бізге жамандық жасаса, оны құмға жазғанымыз дұрыс, кешірім самалы оны өшіріп кетсін. Ал біреу жақсылық жасаса, оны тасқа ойып жазайық, оны ешқандай жел өшіре алмасын!

Гимназия жаңалықтары

19 қаңтар күні ұжым аудандық қысқы ойындар мерекесі қатысты. Мерекеде ән байқауы бойынша ІІ орын, көңілді эстафета сайысында жүлделі ІІІ орынға, сонымен қатар арқан тартысқа бастауыш сынып білім алушылары қатысып І орынға ие болды. Сонымен көпшілікке шай дастарханы ұйымдастырылды.



31 қаңтар күні Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты тақырыпта жолдауын үйрену және талқылау мақсатында «Білім және кәсіби машық-заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» бойынша тақырыбында семинар болып өтті. Семинарға жоғары сынып білім алушылары, ұстаздар қатысты. «Білім және кәсіби машық-заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» тақырыбы бойынша Тлеуова Майра баяндама жасап, содан соң тақырып бойынша ұстаздар, білім алушылар өзара ой бөлісті.



14 қаңтар күні апталық жиында республикалық «Ақбота» интеллектуалдық ойынының нәтижесі бойынша жүлделі орындарға ие болған 15 білім алушы, облыстық Дарын орталығы ұйымдастырған ғылыми жоба қорғау сайысына қатысып жүлделі орын алған екі оқушының дипломдары табыс етілді. Сонымен қатар апталық жұмыс жұмыстары хабарланды.



Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру бағытында 26 қаңтар күні мектепшілік 5-6 сынып оқушылары арасында «Көңілді эстафета» ойыны өтті. Нәтижесінде І орынға ба сыныбы, ІІ орынға бә сыныбы, ІІІ орынға 5сынып ие болды. Жеңімпаздар гимназия директорының мақтау қағаздарымен марапатталды.



Мектеп инспекторы Жұмабаева Гүлім оқушыларға қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Әлемде талай қызық бар

Оқы, қызық!

Әтеш алдымен мойнын созбайынша шақырмайды екен.

Жағымды затты көргенде адамның қарашығы 45пайызға дейін ұлғаяды екен..

Адам түшкірген сайын мидағы жасушалардың бөлігі азая түседі.

Әйгілі Харлей Девидсон мотоциклі 1903 жылы құрастырылып, оның карбюраторы томат банкісінен жасалыныпты.

Адамның сол жақөкпесі оңжақтағымен салыстырғанда кішірек келеді. Соның арқасында жүрекке орын тиеді екен.

Ой еңбегімен көп шұғылданатын адамдардың шашында мырыш пен жездің құрамы көбірек болады екен.

Футболшы бір ойында шамамен 11 шақырым жүгіреді.

Ал ұзын кенгуру бір секіргенде он метрді артқа тастайтын көрінеді.

Қазіргі кезде өзіміз қолданып жүрген қаламсап 1945 жылдан бастап саудаға түсіпті. Сол кезде оның құны – 12 АҚШ долларына тең келіпті.

Жақсы қаламсаппен 50 мың сөзге дейін жазуға болады екен..

Джон Кеннедидің тербеліп тұратын креслосы аукцион арқылы 442 мың АҚШ долларына сатылыпты.

Бір текше метр ағаштан жарты миллион тісшұқығыш жасауға болады.

Хамелеонның тілі денесінен екі есеге ұзын.

Қолтырауындар судың түбіне тереңірек бойлау үшін тас жұтып алады екен.

Ала киттің жүрегінің үлкендігі жеңіл көлікпен бірдей.



Ең...ең...ең...

Италиядаәлемдегі ең үлкен екі донғалақты мотоцикл жасалып, Гиннестер рекордтар кітабына еніпті. Алып мотоциклдің биіктігі 5, ұзындығы 10 метргежетіпті, ал салмағы 4 тоннаны көрсетіпті.



«Әлемнің ең кішкентай адамы» деген атақты иеленіп, Гиннестер кітабындағы Непалдық Хагендра Тапа Магарды (67 см) орнынан ысырған Филиппиндік 18 жасар Джунри Балауинг болды. Оның бойының ұзындығы – 59,93 см.

Әлемнің ең үлкен адамы" түрік Султан Козен. Султанның бойы246,5см.

Жер бетіндегі ең ұзын өсімдік–Бразилия орманында өсетін «Оңтүстік Америка сарылениясы» атты өсімдік. Ұзындығы 1800 метрге жетеді.

Ең ұзақ жасайтын өсімдік – Аустралияда өсетін Сигас ағашы. Шамамен 12-15 мыңжылөмірсүреді.

Ең үлкен өсімдік – Калифорния штатындағы Генерал Шерман деген ағаш. Биіктігі 83 метр. Діңінің ұзындығы 31 метр. Ауырлығы шамамен 6 мың тонна.

Ең кішкене гүл – Әнжүр ағашының гүлі. Оны тек микроскоппен ғана көруге болады.

Бас редактор: Елеусизова Әлия Мухамбетқызы

Тарату бөлімі: "Құбылнама" клубы
871336-27-7-40 www.gimnaziya6.kz

Газет айына бір рет шығады.
Мекен жайы: Хромтау қаласы
Әуезов көшесі 126

№6 Хромтау гимназиясы